

# МАҢҒЫСТАУ

*Маңғыстаудың саздары,  
әндері мен күйлері әрқашанда өзінің қайталанбастығымен және  
көркемдігімен  
ерекшеленген. Халықтың әнші-композиторлары, ұлы ақын-  
жыраулар мен көптеген  
басқа да ұлттық рухтың данышпандары арттарына өте бай  
мұра қалдырды. Бұл мәдени  
дәстүрлер біздің талантты замандастарымыздың  
шығармашылығында да өз жалғасын  
табуда*

## Фольклорист ғалым Қабиболла Сыдиықов Маңғыстау

жыршыларының саз сарындары деп аталасын мақаласында Маңғыстау саз-сарындарына тоқталып, нақты ғылыми анықтама береді: Маңғыстау мен Орта Азия қазақтарының арасында Ақтан сазы , Мұсаның сазы , Мұрын жыраудың сарыны Дүйсенбай әуені Сүгір сазы аталатын саз әуендер кең тараған. Мәнді, нәрлі жыр, толғауға, термеге сай әр жырау, жыршының өзіндік саз-әуендері жыр әуені, жыр сазы, жыр мақамы, жыр күй деп те атайды.

Маңғыстау жыршыларының саз-сарындарынан осы ғажайып мекенде әр дәуірде өмір кешкен каспилер, сарматтар, аландар, оғыздар, ноғайлар, қалмақтар тағдыры мен өнерін елестетер бағзы, көне әуендері сезіледі – деп жазды.

Сержан Шәкіратов анықтағандай, бүгінде Адайдың 20 сазы белгілі болып отыр. Оларды жалпы тоқтағанда, төмендегідей болып келеді: Адайдың қоңыр (2 нұсқасы бар), тайпалма, қомпылдақ, төмпек, желпіме, лекіме, қыздырма, толқыма, ырғама, мұңлық, сылқым, тыныс, сарнама, шерлі, жайма, жыр-күйі, майпаз, иірме. Бұдан басқа Түмен сазы, Ұзақбайдың жыр-сазы, Қалнияздың жыр-күйі, Нұрымның жыр-күйі нотаға түсіріліп, Адайдың ырғамасы атты топтамаға енген.





**ЖЫР КҮЙІ** – жыраулар мен жыршылардың жыр айту сазы. Әр дәуірде өмір сүрген жыраулар мен жыршылардың жыр, толғау, терме, дастан, қисса айтатын өзіндік мақам, саз, әуені болған. Талантты жыршылар шығарма мазмұнына орай саз, әуенді де өзгертіп отырады. Бұл әдіс тыңдаушыларға ерекше әсер етеді. Ж. к. композициялық құрылысы жағынан әр түрлі болып келеді. Кейде бірнеше мақамдық бөліктері қайырмадан құралады. Ж. к-нің негізгі ерекшелігі – дәстүрлі 7 – 8 буынды жыр жолдарының жыраулық өнерге тән мақаммен емес, аспаптық музыка, оның ішінде төкпе күй сарынымен орындалуында. Белгілі әнші Б.Тілеухановтың орындауындағы Ақтамберді жыраудың “Күлдір-күлдір кісінетіп, күренді мінер ме екенбіз” деп келетін жыр соның айғағы. Осы тұрғыдан келгенде Ж. к. – жанрлық синкретизм көрінісі: бір жағы – жыр, екінші жағы – күй. Ж. к. үлгілері, көбінесе, Бат. Қазақстан өңіріне тән. Еліміздің оңт. аймақтарында мұндай төгіп айтатын, шашып тартатын дәстүр байқала бермейді. Екінші жағынан, Ж. к. әншілік дәстүрдің бір қанатын құрайтын жыр жанрының жіктеліп, аспаптық музыкаға бейімделу үрдісінде байқатады. Бұл тұста Ж. к. – жанрлық ұғым. Мыс., Қаратау шертпелері шағын жыр-толғаулардан туған. Ж. к-н дербес жанр түрінде өнерпаздар домбырада, қобызда орындайды. Қазақстанның Маңғыстау, Жамбыл облысытары мен Қарақалпақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан қазақтары арасында Қалнияз, Сүгір, Қожай, Мұрын, Қарабай, Ақтан, Теңелдік, Дүйсенбай, Шәдіман, Айтқұл сияқты жыршы, жыраулардың жыр күйлері сақталған. Мыс., Қобылаш жыршы толғау, терме, ерлік дастандарын өзінен бұрынғы жыраулардың 10 – 12 түрлі жыр сазымен айтады. Қарақалпақстанда тұратын Ұзақ Мыңбаев жиырма шақты жыр күйін, маңғыстаулық күйші Сержан Шәкіратов оннан аса жыр күйін орындайды. Ж. к. – әлі толық зерттелмеген өнер түрі.



## Маңқыстау саздары

Шерлі тарихы жатқан жоқ әлі жазылып,  
Шежіресінен келемін сырлы саз ұғып.  
Таулары – ауып қалған бір керуен жүгіндей,  
Сайлары қалған қазанаттардан жерошақ-ор боп қазылып.

Сексеуілдері – өмірге деген өшпес сенімін өлтірмей,  
Хақтағаладан қайырым күтіп,  
Аспанға қарай алақандарын тарбита жайған кемпірдей.  
Шындарға шөккен қара буралар секілді  
Бұлт – түрікпеннің  
«Бұл қоныс кімнен қалмаған-ай!» деп, бұлғаған сеңсең бөркіндей.


Арабы қанды арғымақпен тең ақалтекелер – пырағы,  
Аққудың асқақ қанатыменен  
«Ақбөбек» болып аспанға ұшқан жыр-әні;  
Асау мінезді Адайдың ата қонысы  
Маңқыстау қаны – мұнайдың ыстық бұлағы.  
Маңқыстау деген –  
Тұмарлы ұлдардың, тұғырлы ерлердің тұрағы






Маңғыстау сазгерлерінің бірі-Сүгір Бегендікұлы Жырау  
Сүгір Жырау (1894, Өгіз-Өреуіл, Маңғыстау - 1974, Қызылсай  
ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақ КСР) - қазақтың белгілі  
ақын-жырауы

Сүгір Жырау 1894 жылы Маңғыстауда Өгіз-Өреуіл деген жерде  
дүниеге келген. Сүгір Адайдың Мұналы, оның ішінде  
Жаулыдан таралатын Ескелді ауылының перзенті. Әкесі  
Бегендік ескіше оқыған сауатты, діндар адам болған. Сүгірдің өз  
айтуы бойынша, әкесі екі рет Меккеге барып “Қажы” атанған  
кісі. Бейіті Шопан ата зиратына қойылған.



Сүгірдің ауылдары қыста Аққуыс-Шөшік, Ақпан, Ажырықтыой, Қызылсу, Сенек-Сұмсасы, Аққұдық өңірлерін қыстап, жазда Үстіртте Ұзын, Уәлі, Дүңгірлек, Дауысты, Жүзадын шыңыраулары маңын, Жем бойын жайлаған. Сүгір жасында Саздыдағы Бәли Нұрнияз ақынның мектебінде білім алған. Жас кезінен-ақ өнерге жаны құмар болып өскен ол домбыра тартып, жыр үйреніп айтып, жиын-тойларда жиі-жиі көрініп, елге танымалы бола бастаған. 16 жасынан бастап халық ауызына ілініп, өнері бағалана бастаған Сүгірді, үлкен-үлкен жиын-мерекелерге шақырып ән салдырып, жыр айтыратын болған. Ол “Қарасай Қарлы”, “Едіге”, тағы басқа жыр-дастандарды жырлап айтуға машықтанады, өзі де өлең шығарумен айналасады. Сүгірдің бүкіл елге әйгіленген жиын 1921 жылы өткізілген Әли Тауанның асы екен, кейіннен Қырымқұл Ұзақбай Жырау Сүгірге арнаған арнауында:





Әлі Тауының асында,  
Сен жиырма жеті жасында,  
Бегендікұлы сен бе деп  
Бір көруге мұң болып.  
Екі мың атты астыңды  
Сұлулар талай бүгілген...деп жыр арнапты. Сол жиында жас  
Сүгір үздік өнер көрсетіп, халықтың жоғарғы бағасына ие  
болған. Оған сый-сияпат көрсетіліп, атағы жоғарғы, төменгі  
Адай еліне кеңінен таралған. Осыдан кейін-ақ Сүгір өзінің  
келешек ғұмырын өнер жолына біржола бағыштаған. “Сүгірдің  
термесі” ,”Сүгірдің әні”, ”Сүгірдің жыр-сазы” тәрізді әуендері ел  
арасына жайылады. Сүгір бір шығарманың өзін, өзі шығарған  
бірнеше әуенмен құбылта орындап, тыңдаушыны баурап  
алатын қасиетке ие болған, жыршылық, ақындығымен қоса  
композиторлық дәрежеге көтерілген дарынды өнер иесі.

Мұрат пен Жантолының айтыстарының бірінде Мұраттың ұзағылып кеткенін естіп, Жұлдыздың аяғын ұстап, алаңсыздығын айтып, бойынан мін таба алмайтынын білетін Мұрат Жантолының тиген күйеуінің бала кезде кішкентай бұзау таз болып, орны қалып қойғанын естіп, соны тілге тиек етеді. Оның үстіне Жантолының күйеуі әзілге түсінбейтін, жөн-жосықты білмейтін, қатар көрмеген есерсоқтау біреу екен. Ал Х. Мәдібайқызының еңбегінде: Қыз бен жігіт арасындағы айтыстың дәстүрлі құралының бірі – атастырған күйеуін, ерін әйтеуір бір мінін айтып бетке салық ету

Болғанда сары жұлдыз, қаз келеді,  
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді  
Болғанша тапа-тал түс ұйқың қанбай  
Деп те едің, хас әулие таз немені?

деп Мұрат келіншектің жанды жерінен тиіседі. Айтыс осы әңгіменің төңірегінен аспайды. Әзіл деңгейінде, әрі тереңдемей аяқталады. Жантолы жеңіледі. Мұрат ақынмен таздың төңірегіндегі жағымсыз әңгімені соза беруді қаламаса керек, Жантолы күйеуіне ақынды аттан түсір, үйге шақыр деген ишара жасайды. Күйеуі Жантолының қолын қағып жіберіп, теріс бұрылыпты. Сонда Жантолы күйеуіне: Бір қақтың ақ етіме ашуменен Жігітке ашу ұят асыл деген. Ұрынған өзі келіп берішке тимей Мен бе едім ақ қарабас құрт басын жеген? деп тоқтапты. Мұрат пен Жантолының айтысы дәстүрлі қайым айтыс. Делінеді .М. Әуезов Әдебиет тарихы атты еңбегінде айтыстың мағына жағынан бөлінуінің бір түрі ретінде бас мінесуге арналған өлеңдер тобына Мұрат пен Жантолының айтыстарын жатқызыды





Адайлардың арасына күй атасы Құрманғазының келіп Адай деп күйін шығарды. Неге басқа руларға емес, тек адайларға арнап шығарған.

Күй атасы Құрманғазы бабамыз – байлықтың да, барлықтың да - Мәңгілік еркіндікті ту етіп, аңсап өскен, еліндегі жуандардан көрген қорлығы мен зорлығын өмір өткелдерінің қысастық пен қиянатқа толы ащы запыранын шығара алмай, жарты ғұмырын тар қапаста қамауда өткізген. Күй атасы Құрманғазы бабамыз жаны жомарт адай елін көріп, ақ көңілдің, ақ жарқын жас баладай сенгіш, өзім дегенге өзегін жұлып беретін, қасиеті бар текті елді, алғаш сырласып арасында болып, аттың жалы мен түйенің қомында өскен қайғы мен қасіреттен жұрдай елді көріп таң қалып, күй арнаған. Күй өз өзінен төгіле жөнелген домбырасының қай пернесін басса да, аттың дүбірі мен ызыққы айқай шу, шанақтан шыққан үннің бебеулей отырып, жігерінді қайрап шалқыған шалқар күйдің еріксіз өмір бойы армандаған еркіндікті осы елдің бойынан көріп, «Адай» деген күй шығарып оны бір ұлыстың атына арнауы тегін емес.





Күйдің өне бойына не деген шалқыған көңіл, не деген шалқыған өмір сиып кеткен. Күй атасы Құрманғазы бабамыз байлықтың да, барлықтың да белінен басып өтіп, жоқтықпен кедейліктің көрпесін жамылып көрген кісі.

Еркіндіктің қадірін біреу білсе, Құрманғазы бабамыздай-ақ білер. Жалғаншыда бостандықтан артық не керек жаныңа? Күй атасы осыны ұғып, осыны «Адай» күйін күмбірлете тартқан. Күй өз өзінен төгіле жөнелген домбырасының қай пернесін басса да, аттың дүбірі мен ызы-қиқы айқай шу, шанақтан шыққан үннің бебеулей отырып, жігерінді қайрап шалқыған шалқар күйдің еріксіз өмір бойы армандаған еркіндікті осы елдің бойынан көріп, «Адай»деген күй шығарып оны бір ұлыстың атына арнауы тегін емес. Күйдің өне бойына не деген шалқыған көңіл, не деген шалқыған өмір сиып кеткен.